

## Батырдың рухына тағзым



Көкшетауда Кеңес Одағының Батыры, жазушы-ғалым Мәлік Ғабдуллиннің өмірі мен шығармашылығына арналған 2-ші республикалық ғылыми конференция өтті. Шара қаланың орталық саябағында тұрған батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Ескерткіш маңына жиналған жұртшылық алдында Мәлік Ғабдуллин музейінің директоры Құдайберлі Мырзабек, Ақмола облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғосман Төлеғұл бастаған зиялы қауым өкілдері қатысып, сөз сөйледі. «Жерлесіміз Мәлік Ғабдуллиннің ерлігі барлығына үлгі-өнеге. Ақмолалықтар осындай ба-

тыр ұлдарының барын мақтан тұтады. Оның есімі халқымыздың жадында мәңгі сақталған», – деді өз сөзінде Ғосман Төлеғұл. Бұдан өрі шара Ш.Құсайынов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында Мәлік Ғабдуллин музейі мен Көкшетау техникалық институтының ұжымы ұйымдастырған «Ғалым Мәлік Ғабдуллин және жаңа қазақстандық патриотизм» тақырыбында ІІ-ші республикалық ғылыми-теориялық конференцияға ұласты. Онда батыр Мәліктің мол мұрасы және батырлық үлгісі жайлы әңгіме айтылды.

«Көкше-ақпарат».